

Түлкібас поселкесінің көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Түлкібас поселке әкімінің 2011 жылғы 17 тамыздағы N 112 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 7 қыркүйекте N 14-14-156 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Түлкібас поселкесінің
ә к і м і

Ш Е Ш Т І :

Түлкібас поселкесіндегі мына көшелердің атаулары өзгертілсін:

1. «С.М.Киров» көшесін «Бекқожа Аблаев» көшесіне;
2. «Железнодорожный» көшесін «Өнгенбай Сергенов» көшесіне.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л е д і .

Поселке әкімі

Ж.Ботбаев